**Бекітемін:**
**Меңгеруші: Шалабаева Ж.С.**
**Білім беру ұйымы: Милы бастауыш білім беретін мектебі**

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Жоспардың құрылу кезеңі2-апта** 10-14 қазан 2022-2023 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: танертеңгі фильтр, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (**сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет**). | | | | |
| | **Сюжеттік ойындар: «Сиқырлы қарындаштар»**еркін сурет салу.<br>**«Не артық?»**<br>**Мақсаты:** Артық затты алып тастайды (жемістер мен киімдер)<br>***( танымдық және коммуникативті іс-әрекет)*** | **Д/О: «Сызықты жалғастыр»**<br>**Мақсаты:** түстермен сызықтарды жалғастырады, қолдың ұсақ моторикасын дамытады.<br>**(сурет салу-шығармашылық қызмет)** | **Қ/О: «Мысық пен тышқан»**<br>Мақсаты: ойын сергіту, көңілдерін көтеру (коммуникативтік, танымдық қызмет) | **Д/О: «Фигуралар»**<br>Мақсаты: геометриялық фигуралармен байланыстыру қабілетін қалыптастыру.<br>**(математика негіздері – танымдық және коммуникативтік қызмет)** | **Үстел үсті ойыны:** «Шахмат»<br>Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту<br>**(коммуникативтік, танымдық қызмет)** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **№2 гимнастика кешені (арқанмен)**<br>I. Сапқа, бағанаға салу, қалпын тексеру; белгі бойынша басшының ауысуымен жүру, секіру, жеңіл жүгіру, жүру.<br>II. Арқан жаттығулары<br>• "Арқанға байлау"<br>• «Арқанды сал» аяқ иық кеңдігінде, қолдағы арқан алға созылған 1- төмен еңкейту, арқанды еденге қою, 2- тұру, қолды белдікте, 3- төмен еңкейту, арқанды алу, 4- және. қайталау.<br>• «Бұрылады» тұрып, аяқ иық көлемінде, арқан алға.1-оңға бұрылу, 2-ші. б., екінші жағынан бірдей<br>• «Еңкейту» аяқтар иықтың енінен бөлек, арқан жоғарғы жағында. 1- оңға еңкейту, 2- және. б., екінші жағынан бірдей<br>• «Жартылай еңкею» өкше бірге, шұлық алшақ, арқан төмен 1- отыру, алға арқан.<br>• «Секіру» аяқтар бірге, төменгі арқан. Секіру – аяқ алшақ, арқан жоғары, аяқ бірге, арқан төмен.<br>III. Бағанға бір-бірден қайта құру, жүру, дене қалпын тексеру.<br><br>Таңертеңгілік жаттығулар кешені (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті). тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамыту және тыныс алу | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығулары | | | | |
| **Ұйымдастырылған қызметке дайындық (ҰҚ)** | Балалар әсер алу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылау, қызығушылық бойынша қызмет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б. үшін жиналады. Балалар тәрбиешіге қоршаған ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен қызмет, кезекшілік) | | | | |
| | **«Не артық»**<br>Мақсаты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады.<br>**(математика негіздері – ойын, қозғалыс, танымдық қызмет)** | **«Теңін тап»**<br>Мақсаты:Балалар екі бірдей заттарды таба алады.<br>**(айналаңыздағылармен танысу, сөйлеуді дамыту-ойын іс-әрекет)** | «Дүкенші»<br>Мақсаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнауды түсінеді<br>**(сөйлеуді дамыту-ойын іс-әрекет)** | **«Кім шапшаң»**<br>Мақсаты : Балалар топтасып ойнай алады<br>**(дамыту-ойын іс-әрекет)** | **«Әдемі үйшік»**<br>**Мақсаты:** Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады.<br>**(айналаңыздағылармен танысу, сөйлеуді дамыту-ойын іс-әрекет)** |
| **Ұйымдастырылған қызмет** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>-сөздегі дыбыстардың ретін анықтау<br>**1.Д/О:** «Басынан баста»<br>Мақсаты: Жазу парағында бағдарлай білу,<br>**2.Д/О:** «Сөздерді қайтала»<br>Мақсаты: сөздегі дыбыстардың ретін анықтау<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>-заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен сөздік қорын байыту, | **1.Математика негіздері**<br>-«Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.<br>**1.Д/О**: **«Ретімен айт»**<br>Мақсаты:<br>-«Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.<br><br>**2.Қазақ тілі**<br>- қазақ тіліне тән ә, ө, і дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**1.Д/О: «Дауысты дыбыстар»**<br>Мақсаты: қазақ тіліне тән ә, ө, і дыбыстарын, осы дыбыстардан | **1.Сауат ашу негіздері**<br>-Жазу парағында бағдарлай білу,<br>**1.Д/О: «Тез ойла»**<br>**Мақсаты:** Жазу парағында бағдарлай білу.<br>**2.Д/О: «Қарындаштар»**<br>Мақсаты: сөздегі дыбыстардың ретін анықтау.<br>**2.Математика негіздері**<br>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>-Шеңбермен және | **1.Сауат ашу негіздері**<br>-Жазу парағында бағдарлай білу,<br><br>**1.Д/О: «Алма ағашы»**<br>Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**2.Д/О: «Сөз ойла, тез ойла»** Мақсаты: Сөздік жұмыс жүргізу арқылы баланың сөздік қорын молайту. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**2.Қоршаған орта**<br>-Заттардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.<br>Д/О: **«Біз қайдамыз?»**<br>Мақсаты:Заттардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.<br><br>**3. Музыка-** | **1.Математика негіздері**<br>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>**Д/О «Неге ұқсаттың?»**<br>Мақсаты: Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>- шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау<br>**1.Қ/О: «Ағаштар»**<br>Мақсаты: шығарма кейіпкерлерінің іс- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **1.Д/О:: «Дыбысты қайтала»**<br>**Мақсаты:** олардың еңбекке катынасын білдіретін үстеулермен байыту.<br>**2.С/О:** «Дыбыстарға құлақ ас»<br>**Мақсаты:** касиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен сөздік корын байыту.<br>**3.Қоршаған орта**<br>-Заттардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.<br>-Үй-жайларда, балабакша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.<br>**1.Д/О**: «Қолға ұста»<br>Мақсаты: Заттардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.<br>**2. Қ/О:** «Менің қалам»<br>Мақсаты: Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу. | тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>2.Өлең «Күз»<br>Мақсаты:<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы)<br>**3.Көркем әдебиет**<br>- шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау<br>Д/О:«Түлкі мен аққу»<br>**Мақсаты:**шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау<br>-Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау), (интеграция-мүсіндеу).<br><br>**4. Музыка-шығармашылық әрекет**<br>**Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау**<br>**Тақырыбы:**<br>Күз – жомарт.Күзгі жаңбыр.<br>**ҮІӘ мақсаты:**<br>Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету. | тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.<br>Д/О:«Үй құрастыраыз»<br>Мақсаты:Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таякшаларды, кисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>**3.Сөйлеуді дамыту**<br>-адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.<br>**1.«Бұл кім?» дыбыстайды?**<br>Мақсаты:олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.<br>**4.Дене шынықтыру**<br>- белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, | **шығармашылық әрекет**<br>**Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау**<br>**Тақырыбы:**<br>Күз – жомарт.Күзгі жаңбыр.<br>**ҮІӘ мақсаты:**<br>Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның<br>мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** дауысын дұрыс келтіріп, ән орындайды.<br>**Түсінеді:** музыка сипатына сәйкес қимылдарды өзгерту.<br>**Қолданады:** музыкалық аспаптарда жеке және бүкіл топпен ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**4.Қазақ тілі**<br>-Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы)<br>**Д/О:«Қала»**<br>Мақсаты: қазақ тіліне тән ә, ө, і дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру<br>**2.Қ/О: «Алмалар»**<br>**Мақсаты:**Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы) | әрекетін бағалау<br>**3.Шығармашылық**<br>бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.<br>-Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.<br>(құрастыру)<br>қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.<br>(сурет салу)<br>Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.<br>**(мүсіндеу)**<br>Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4.Дене шынықтыру**<br>- Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру;<br>**1.Қ/О: «Кегль»**<br>Мақсаты: сапқа тұрып екеуден жүреді.<br>**2.Қ/О: «Қасқырлар»**<br>**Мақсаты:**<br>Жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. | **Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** дауысын дұрыс келтіріп, ән орындайды.<br>**Түсінеді:** музыка сипатына сәйкес қимылдарды өзгерту.<br>**Қолданады:** музыкалық аспаптарда жеке және бүкіл топпен ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру;<br>**«Оң мен сол» ойыны**<br>Мақсаты:Балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | | бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды кию. (жапсыру)<br><br>Д/О: «Қол-аяқ»<br>Мақсаты: Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу, сурет салу, құрастыру, жапсыру.<br>**4.Дене шынықтыру**<br>- белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру;<br>**Д/О: «Көгершіндер»**<br>балалардың дене тәрбиесі мен спортқа деген қызығушылығын қалыптастыру, ойлау, зейін, есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.<br>Жүйелі киіну( ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен | **Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру ;<br>әр мезгілдің өз ерекшеліктері туралы түсініктерін тиянақтау.<br>**Бақылау барысы**<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Ақ киімді біреуі,<br>Сары киімді біреуі,<br>Көк киімді біреуі,<br>Әлем, жәлем киімі,<br>Тағы бірі жүреді. (жылдың төрт мезгілі)<br>Өлеңде не жайлы айтылған? (жыл мезгілдері туралы әңгімелеу)<br>Қазір жылдың қай мезгілі (күз жпйлы әңгімелеу)<br>Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>Күздің қандай белгілерін білесіңдер?<br>Адамдар күзде не істейді?<br>Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді?<br>Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды? | **Күздің алғашқы белгілерін бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту;<br>Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**«Қыркүйек»** Ғ. Өкеев<br><br>Бір-біріне жер, аспан,<br>Мейірлене қарасқан.<br>Төкпей-шашпай тасып дән<br>Машиналар асыққан.<br>Ұстаз, шәкірт жүздескен,<br>«Қош келіпсіз күз» дескен.<br>Берекелі алтын күз,<br>Ұмытпаймыз салтын біз<br>Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>Күздің қандай белгілерін білесіңдер?<br>Күзде ауа-райы қалай өзгереді?<br>Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды?<br>Адамдар күзде не істейді?<br>Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді?<br>**Қимылды ойын** «Қуып жет».<br>*Мақсаты:* Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру.<br>**Жаттығу ойындары**<br>**Бөрене үстімен жүру**<br>*Мақсаты:* Тепе-теңдікті | **Қайың ағашын бақылау**<br>**Мақсаты**: Күзгі қайың ағашын бақылауды жалғастыру;<br>Қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету<br>**Бақылау барысы:**<br>**Көркем сөз**<br>Сырғалы қайың, ақ қайың,<br>Сырыңды сенің жаттайын.<br>Өсе берші жайқалып,<br>Мен ерінбей баптайын.<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>Күзде ағаштар қандай өзгерістерге ұшырайды?<br>Олардың жапырақтары неге сарғаяды?<br>Ең алғаш қай ағаштың жапырағы сарғаяды?<br>Ағаштардың өндірісте қандай пайдасы бар?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>қайың ағашының жапырағы мен басқа ағаштардың жапырақтарын салыстыру, айырмашылықтарын табу.<br>**Еңбек:**<br>Гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинау<br>Мақсаты: үлкендерге көмектесу, келесі көктемге гүл дәндерін | **Өрмекшіні бақылау**<br>Мақсаты: өрмекшінің өмірі мен сыртқы бейнесінің ерекшеліктері туралы білімдерін молайтуды жалғастыру;<br>айнала қоршаған ортаға қызығушылықтарын арттыру.<br><br>Бақылау барысы:<br>Көркем сөз<br>Сеңде айтшы өрмекші,<br>Неше аяқ, неше қол?<br>Жауап берші өрмекші<br>Неше аяқ, неше қол?<br>Табандарым жолға тисе,<br>Зымырайды аяқтай.<br>Табандарым өрмек тоқиды<br>Қолдармен өрнек салғандай,<br>Шіркейлерді ұстағанда,<br>Аяқтарым пышақтай.<br>Егер шыбын кездессе,<br>Қағып алам ұзатпай!<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>Өрмекшілердің қандай пайдасы бар? (шыбын-шіркей, құрт-құмырсқаларды жейді)<br>Өрмекші жәндіктерді қалай аулайды? (оларға өрмек құрады.)<br>Өрмекші өрмектерін жиі құра ма? (желмен, жаңбырмен тез бүлінеді, сондықтан күнде құрады.) | **Күн — жылу мен жарық көзі**<br>**Мақсаты**:<br>күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>ойлау, талқылау, дәлелдеу дағдыларын дамыту;<br>табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Психологиялық жаттығу:**<br>**«Күншуақ»**<br>**Мақсаты:** Балаларға жақсы көңіл-күй сыйлау. Күн сәулесі адамға қуаныш, жылу беретінін сезіну<br>-Бәріміз көзімізді жұмып, күнге қол созамыз. Күннен жылу алып бір-бірімізге сыйлаймыз, қуанып қол соғамыз.<br><br>Сұрақтар:<br>Жануарлар мен өсімдіктер бойы өсуі үшін не керек?<br>Күн не береді?<br>Жер бетіндегі тіршілік үшін КҮН – жарық және жылу көзі. Одан жан-жаққа жарық Егер күн суық болса, онда жер беті суық болар еді де, суық пен қараңғылықтан жануарлар мен өсімдіктер өліп қалар еді.<br>Күннің қызуы өте күшті Күннің сәулесі жер бетіне 19 секундта жетеді, сондықтан күндіз әрі жарық, әрі жылы болады. Күннің сәулесі өте күшті, сондықтан оған тура қарай алмаймыз.<br>Сұрақтар:<br>Күнге бетіңді бұрғанда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Зерттеу жұмысы:** Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек)<br>Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап»<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.<br>*Мақсаты:*<br>— орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;<br>— экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын**<br>«Бәйге».<br>*Мақсаты:*<br>Тез жүгіруге, ептілікке жаттықтыру. | сақтауға жаттықтыру<br>***Мақал: Күз байлығы-ел ырысы.*** | әзірлеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Допты ұста»<br>*Мақсаты:* қағып алуға және келесіге беруге үйрету.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>*Мақсаты:* Қашықтан келген допты тез қағып алуға үйрету | | нені сезінесің?<br>Күнге тура қарауға бола ма, көзің ауырмай ма?<br>**Еңбек:**<br>Аланды тазалауға кішкентайларға көмектесу.<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, кішкентайларға көмекке келуге тәрбиелеу.<br>**К/О: «Өрт сөндірушілер жаттығуда»**<br>*Мақсаты: қабырғаға өрмелеуге жаттықтыру*<br>**Жаттығу ойындары:**<br>«Шеңберге түсір»<br>*Мақсаты: нысанаға көздеуге жаттықтыру* |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті) | | | | |
| **Баламен жеке жұмыс** | Дінмұхаммедпен жеке жұмыс | Жалғасқа сандарды таныстыру | Мансурға өткен пішіндерді қайталату | Ханшайым түстерді қайталау | Алматпен өткен ертегі туралы әңгімелесу |
| **Балалардың өзіндік іс-әрекеті (ұтқырлық ойындары, үстел ойындары, бейнелеу әрекеттері, кітаптарды қарау және т. б.)** | Өз беттерімен кітаптарды көру. Кітапты дұрыс қолдану | Лото ойыны. Сандар кассасы | Футбол ойыны. Әріптер кассасы | Хоккей ойыны. Фетрден жасалған ертегілерді құрасытыр | Пазлдар құрау. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру. | | | | |